

"Төртінші (және одан кейінгі) баланың тууына байланысты әлеуметтік көмек көрсету туралы" облыс әкімдігінің 2010 жылғы 4 қазандағы N 280 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 7 қарашадағы N 345 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 30 қарашада N 1786 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 28 тамыздағы N 288 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 28.08.2013 N 288 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 27-бабы 2-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 21 және 43-1-баптарына, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 13 сәуірдегі № 47 Жарлығына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Төртінші (және одан кейінгі) баланың тууына байланысты әлеуметтік көмек көрсету туралы» облыс әкімдігінің 2010 жылғы 4 қазандағы № 280 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2010 жылғы 5 қазанда № 1755 тіркелді, 2010 жылғы 9 қазандағы № 121 «Солтүстік Қазақстан», 2010 жылғы 9 қазандағы № 123 «Северный Казахстан» газеттерінде жарияланды) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының преамбуласы мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 27 бабы 1 тармағы 17) тармақшасына сәйкес және «2010-2014 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысында бала тууға ынталандыру жөніндегі «Ұрпақтар қоры» Бағдарламасы туралы» Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 23 шілдедегі № 27/3 шешімі негізінде, облыста демографиялық жағдайды жақсарту мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:»**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ф.Ш. Қуанғановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК